

**№37 Р. Қошқарбаев жалпы орта мектеп кітапханашының  
2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі.**

Тамыз айында мектеп оқушылары оқулықпен 93 пайыз қамтамасыз етілді. Қыркүйек айында Ахмет Байтұрсынов 150 жыл толуына орай ақының шығармашылығына байланысты "Ұлттың ұлы ұстазы" атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. "Мемлекеттік тілді құрметтеу-қазақ тілінің мәртебесін көтеру" атты мектепшілік іс-шара болып өтті. Іс-шара аясында мектеп кітапханасында "Тіл татулықтың тірегі" атты көрме қойылып, 7-8 сынып аралығында "Тілім менің мақтанышым" тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр аптаның жұма күні "20 минут" кітап оқу сағаттары ұйымдастырылды.

Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын- жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

Қазан айында Совет Одағының батыры М.Мәметованың 100 жыл толуына орай 9- сынып оқушыларының атсалысуымен "Қаһарман қызы қазақтың" әдеби-сазды кеш болды. Іс-шара барысында 9-сынып оқушылары батыр апамыздың өмірінен мәліметтер мен деректерді айтып жарыса пікір алмасты. "Оқуға құштар мектеп" жобасының жоспары аясында кітапханада өткізілген

7-8 сынып оқушылар аралығында "100 кітап" жобасы аясында ұсынылған әдеби шығармалардың мазмұнын айтып, пікірлерін ортаға салды. Қазіргі таңда әдеби кітаптардың электронды нұсқалары бар, бірақ оқушылар кітаптан оқығандай әсер алмайтындарын айтты.

Қараша айында бастауыш сынып оқушыларымен "Мен жүйрік оқимын!" атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты- 20 минут ішінде ертегі кітабын оқып, мазмұнын айтып беру. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Ғабиден Мұстафинің 120 жасқа толуына байланысты 9-шы сынып оқушылары мен үйірме оқырмандарымен "Табиғаты өзгеше талант иесі" тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында 16- желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай оқырмандарға мемлекет тәуелсіздігінің қалыптасуы туралы мағұлмат беру, еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарау, отанын сүйуге, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу мақсатында "Тәуелсіздік- баға жетпес байлығы" атты кітапханада көрме ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітапханашылар, қазақ тілі мен әдебиет бірлестігі және Келес ауданының аналар және әйелдер кеңесінің төрайымы Адилет Әзімқұлова башылығымен "Әдебиет -ұлттың жаны" атты әдеби кеш болып өтті.

Қаңтар айында "Қысқы демалыста кітап оқимыз" акциясы жалғасты. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр аптаның жұма күні "20 минут" кітап оқу, 3 минут эссе жазу сағаттары ұйымдастырылды. Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын- жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

**Ақпан** айында ақын, драматург, аудармашы М. Мақатаевтың туған күніне орай 9-сыныптар бойынша Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа айтып сайысқа түсті.

**Наурыз** айында әдеби кітап қорын ұлғайту мақсатында **"Ерікті кітап өткізуші"** акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп ұжымы, оқушылар және ата-аналар белсене қатысып, өздері оқыған ақын жазушылардың кітаптарын мектеп кітапханасына тапсырды.

**Сәуір** айында Қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігі мұғалімдері мен кітапханашылардың 10.04.-21.04. аралығында өткен **"Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз"** атты онкүндігі аясында 13.04.2023 жылы 7-9 сынып аралығында **"Менің сүйікті ақыным"** тақырыбында оқырман сайысы өткізілді.

**"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында Ахмет Байтұрсынов туралы 9-сынып оқушылар арасында тест жұмысы алынды. **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында кітапханашылардың атқарлатын онкүндік іс-шара бойынша 8-9 сынып аралығында **«Үздік оқырман»** байқауы болды. Байқауда өзінің білімімен ерекше көзге түскен **Аралбай Ақнұр** үздік оқырман болды. Кітапханашылардың онкүндік іс-шараның қорыта келіп, іс-шараға белсене қатысқан оқушылары марапатталды.

**Мамыр** айында 1 мамыр **"Бірлігі жарасқан елім бар"** көрме ұйымдастырылды. 9-мамырда **"Ұлы жеңіске -78 жыл"** көрме ұйымдастырылып, **"Ерлік -елге мұра, ұрпаққа ұран"** атты іс-шара өтті. 3-сыныптар арасында **"Ертегілер елінде"** сахналық көріністер ұйымдастырылды.

Іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды.

№37 Рахымжан Қошқарбаев жалпы орта мектебі мемлекеттік мекемесі

«Оқуға күштар мектеп – оқуға күштар ұлт» жобасы аясында оқушыларарасында «Оқы және өзгеге сыйла» Bookroosing бағыты бойынша қазан айының 06 күні 5 сынып оқушыларымен кітап алмастырып оқу ұйымдастырылды.

Әр оқырман оқушы өзі таңдап алып оқыған кітабын досыңа ұсынады. Дәл осы ретпен бір бірімен алмасып ауысады. Бұл арқылы достықтары нығаяды, бірін-бірімен жылы қарым-қатнас орнатып, оқыған кітаптарын әңгімелеу арқылы сенімділіктері артып, тіл, байлығы, сөздік қоры дамиды.



Мектеп Директоры:

Кітапханашы:

Н. Ашеев  
К. Мыңбаева

№37 Р.Қошқарбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2-4-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Әжемнің ертегілері" атты оқу марафоны өткізілді.

Мақсаты: Оқырмандарды кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру. Ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, білімге құштарлығын ояту және оқу сауаттылығын дамыту

10.10.2023



Facebook әлеуметтік желісіне жарияланды.

Мектеп директоры:

Кітапханашы:

Н. Ашеев

К. Мыңбаева



## №17 Рахымжан Қошқарбаев жалпы орта мектебі МЕМЛЕКЕТТІК МӘКЕМЕСІ

«Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт» жобасы аясында 5.01.2024 жылы «Қыста кітап оқымыз жаддымызға тоқымыз» атты к. шара ұйымдастырылды.

Оқырмандар өздері оқыған кітап жөнінде бақытына сөз айтты. Бір-біріне жарнама жасады. Кітаптың ең ұнаған тұстары мен ең жаңыда кейіпкерлері жайлы көбірек айтылды. Балаларға ортақ ең қызық кітап Ізгіліктеріңіз «Менің ұшым құлақ» кітабы екені айтылды. Сондай ең көп оқыған да бақытына сөз айтты.

Және бақытының бала мекендегі ең алғашқы қызықты таңдағаны ертегілер «Барысқан» және «Масқа қант баян ағыл» ертегісі екені.

Оқырмандар өздерінің 3 таңдағаны оқуға арнап бақытына кітап таңдап алды және оны 3 айдың ішінде оқып тастауды мақсат етті айтып. Бақытының қызықтылығын айтты. Бір-біріне таңдаған кітапты бөлді. Қатардағылармен қызығын айтып, мақалаларына тән қызық оқиғаларды көрсетіп берді.

Балалар өздерінің кітап қызықтылығын айтып, оқып отырғанын кітап оқып отырғанын көрсетті.



Мектеп директоры  
Елжанованы



Н. Аман  
К. Мұсабаева

№37 Рахымжан Қошқарбаев жалпы орта мектебі мемлекеттік мекемесі

«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында оқушыларарасында «Оқы және өзгеге сыйла» Bookroosing бағыты бойынша қазан айының 06 күні 5 сынып оқушыларымен кітап алмастырып оқу ұйымдастырылды.

Әр оқырман оқушы өзі таңдап алып оқыған кітабын досына ұсынады. Дәл осы ретпен бір бірімен алмасып ауысады. Бұл арқылы достықтары нығаяды, бірін-бірімен жылы қарым-қатнас орнатып, оқыған кітаптарын әңгімелеу арқылы сенімділіктері артып, тіл, байлығы, сөздік қоры дамиды.



**Түркістан облылысы Келес ауданы Ынтымақ ауылы  
№37 Р.Қошқарбаев жалпы орта мектебі  
16 ақпан күні №37 Р.Қошқарбаев атындағы жалпы орта  
мектеп кітапханасында  
«Кітапты сүйіспеншілік пен сыйлаңыз»  
акциясы ұйымдастырылды.**

**Анықтама**

**Акцияның мақсаты: кітапхана қорын толтыру, жастарды патриотизмге, еңбекті сүйеге, жалпыұлыттық, құндылықты әрбір жастың бойына сіңіруге, білімді де мәдениеті болып тәрбиеленуіне үлес қосуы, жастарды кітап оқу үшін оларды кітап оқуға тарту.**

**Акция аясында 10<sup>А</sup> – 10<sup>Ә</sup> сынып оқушылары және қазақ тілі пәні мұғалімдері кітапханаға кітап сыйлады.**



Түркістан облысы Келес ауданы  
№ 37Р.Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектеп  
кітапханасында «Біз тәуелсіз елміз» туралы

### Анықтама

Кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай бастауыш сыныптар арасында «Біз тәуелсіз елміз» атты оқу сағаты өткізілді.

**Мақсаты:** Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімін ояту.

